

Бүкіл совет халқы сыяқты, колхозшы ш
мақсатқа тез жету үшін күрес жолынан ө
Олар өздерінің көктемгі егіс кезіндегі мінд
Отанымыз қанша талап етсе, астықты сон
Колхоз деревнясының барлық күш-қаржы
ісіне жұмсалсын!

Егіске жақсы өзірлік мол егіннің тағдырын шешеді

Ишкі хабар елге тез тарады. Астық дайындаудың мемлекеттік жоспарын ойдағыдай орындағаны үшін жауынгерлік ордендермен наградау туралы хабар бүкіл елге өте тез тарады. Украина ССР-нің, Роста, Тула және Горький облыстарының партия, совет қызметкерлерінің ізінше жоғары награда алған Белорус ССР-нің, Орел, Калинин, Ярославль облыстарының партия және совет қызметкерлерін халқымыз құттықтады. Молдавия ССР-нің, Краснодар өлкесінің, Свердлов, Брянскі облыстарының партия және совет қызметкерлерінің наградаландығын еліміз бүгін естиді.

Астық дайындаудағы табыс—совет тылының аса ірі табысы. Алайда совет адамдары табысқа қанағаттанып қалмайды. Астық үшін күрес жүргізіліп жатыр. Астық тапсыру жөніндегі міндетін әлі орындамаған әрбір колхоз бен совхоз, аудан және облыс мұны қағтқан күнде де орындауға тиіс.

Келесі мол егіннің тағдыры қазір, көктемгі егісті ойдағыдай өткізудің алдын-ала негізі қаланып жатқан кезде шешіледі. Не ескік—соны орамыз. Біз егісті 1944 жылдан әлде қайда көп, әлде қайда жақсы еге аламыз. Бұл үшін ауыл шаруашылығында қазыналы жер, сапалы тұқым қоры, маңылы партия және өң негізгісі, мемлекеттің қандай тапсырмасын болса да орындауға әзір отырған қызметкерлер бар. Тек бір аман іс талап етіледі. Ол: көктемгі егіске дәл кезінде және барлық жағынан мүлтіксіз өзірленіп, оны ауыл шаруашылығының жауынгерлік науқаны ретінде өткізу.

Келесі мол егіннің тағдыры үшін, армиямыз бен елімізді азық-түлікпен, ал өнеркәсіпті—адам затпен жабдықтау үшін алдығы көктемгі егістің орасан зор маңызы бар екендігі туралымын қарағанда қазір партия, совет және комсомол ұйымдарының ауыл-селодағы көзектегі міндеттері белгіленеді. Олардың көктемгі егісті ойдағыдай өткізудің жауапкершілігі ерекше зор. Егіс жұмысының өткізілуіне тыңғылықты міндетті байланысты болатын мәселелер бірде-бір күн, бірде-бір сағат естен шығарылауға тиіс.

Көктемгі егістің табыспен өткізілуін алдын-ала шешетін, сондықтан партия, совет және комсомол ұйымдарының ерекше көңіл бөлуін талап ететін аса маңызды міндеттердің бірі бұрынғысына, тракторлар мен ауыл шаруашылық машиналарын дер кезінде әрі жоғары сапалы жөндеу болып саналады. Ауыл шаруашылығында машиналардың маңызы былайғы жылдағыдай ешқандай да жоғары болып көрген емес. Мұны ұмыту—болашақ мол егінге өлшеусіз нұқсан келтіру болады.

Көптеген аудандардың партия және совет ұйымдарының тракторларды жөндеу жұмысына ойдағыдай көңіл бөліп отырғандығын айта кету керек. Олар Старо-Бешев тракторшыларының инициативасы бойынша басталған жарысты басқарып, жөндеу жұмысы жөніндегі тапсырмалардың толық және артығымен орындалуын қамтамасыз етіп отыр. Еліміздің түрлі аудандарында, Горький облысында Беласов, Ветлужскі, Лукоянов МТС-тары, Иванов облысында Середокі, Лухові МТС-тары, Сталин облысында Старо-Бешев МТС-ы сыяқты жөндеу жұмысының жылдық жоспарын қазіргі өзінде орындаған МТС-тар аз емес. Минскі және Брест облыстары жылдық тапсырманы толық орындады.

Бірақ жөндеу жұмысының бірқалыпта орындалмай отырғандығын жазып, мұны

нағаттанғысыз жүргізіліп келеді. Тіпті егістің басталуына өте аз уақыт қалған онтүстіктің бірсыпыра аудандарында да тұқым қорын жасау ісі әлі аяқталған жоқ. Құйылған тұқымды ұқыпсыз сақтау, тіпті оны талаң-тараққа салу фактысы да жоқ емес. Мысалы, Қырғызстанда—осылай болып отыр. Тұқым қорының негізгі қайнар бұлағы болып саналатын тұқымдық учаскелердің астығын бастыру жұмысы әлі барлық жерде бірдей аяқталған жоқ. Кей жерде тілемсектікке салыну иреті күшті. Тұқымды жергілікті жердің өзінде қарастыру орнына оны мемлекеттен алуға дөңгелеңділік бар. Тұқым құю және оны тазарту жұмысы қазір ешбір кідіртуді көтермейтін іс болып саналады. Бұл жұмысты жеңілдету—мерзін жағынан, егін жұмысының сапасы, алынатын өнім жағынан ұтылу деген сөз.

Егіс алдындағы істелетін жұмыс әр аудан әрі көлемді, мұны орындауда белгілі қиыншылықтар кездеседі. Дегенмен большевиктік басшылықтың негізгі шарты: қиыншылықтан тайынбай, оны қажырлы қайратпен жеңу болып табылады. Бұл жөндеу мүмкіншіліктерді алдын-ала болжап, жетпей білу, қарастырып, толық пайдалана білу негізгі іс. Мейлі қызметкерлердің байынтылығын арттыру жөнінде болсын, мейлі жергілікті тыңайтқыштарды дайындау және тасу жөнінде болсын, мейлі егіс даласына қар тоқтату және қар суын бөгеу жөнінде болсын, жанармай тасу, күш көлігі мен құрал-жабдықтарды әзірлеу жөнінде болсын, барлық істе партия және совет ұйымдарының басшылары өздерін большевик ұйымдастырушы ретінде, алдығын болжағыштық және іскерлік жөнінен, колхоздарға, совхоздар мен МТС-тарға дер кезінде көмек көрсете білу жағынан өздерінің ерекшелігін көрсете білуге тиіс.

Қазір ауыл-деревнядағы барлық көпшілік-саясат жұмысы егіске өзірліктегі нақтылы міндеттерге бағындырылуға тиіс. Баспасөзде және радио арқылы, баяндамаларда, лекциялар мен өкімдерде ауыл-деревня еңбекшілеріне 1945 жылғы көктемгі егістің соғыс-шаруашылық ерекше маңызы бар екендігін, оны ойдағыдай өткізу жер көсібімен айналысатын әрбір еңбекшінің отаншылдық борышын екендігін түсіндіру керек. Колхозшылар, совхоздар мен МТС-тардың жұмысшылары арасында жүргізілетін үгіт жұмысына аудандық партия, совет активі мен комсомол активі, мұғалімдерді, ауыл шаруашылығының мамандарын, колхоз өндірісінің озаттарын неғұрлым көбірек қатыстыру керек болады.

Қазір коммунистердің, комсомол мүшелерінің жұмыс орны машиналарды әзірлеу түйіні шешіліп жатқан жөндеу мастерской-лары, егіс тұқымы өзірленіп жатқан молотилкалар мен тұқым тазартатын машиналардың қасы, қар тоқтату жұмысы жүргізіліп жатқан егіс даласы, колхозшылар жиыналатын ауыл-селолық саяси-ағарту мекемелері болуға тиіс. Оқу үйлері мен колхоз клубтарында газеттерді, Совет Хабаршы бюросының мәліметтерін, ауыл шаруашылық кітапшаларын, мақалалар мен ғылыми әдебиет шығармаларын дауыстап оқу жұмысын жүргізу керек. Мұнда егіске өзірліктегі аса маңызды тақырыптарда агрономдардың, зоотехниктердің, таңбастанцияларының қызметкерлері мен озат колхозшылардың әңгімелерін ұйымдастыру қажет.

Көктемгі егіске өзірліктің қауырт кезінде колхоздар, совхоздар және МТС-тар

Совет Хабаршы бюросынан 5 ФЕВРАЛЬДАҒЫ УРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

5 февральда КЕНИГСБЕРГТІҢ солтүстік-батыс жағында әскерлеріміз ЗЕН-ЛАНД түбегін дұшпанның тазарту жөнінде ұрыстар жүргізуде болды, бұл ұрыстардың барысында бірнеше елді жерлерді, оның ішінде ВАТЦУМ, ГРОСС ЛЯДТКАЙМ, ТИРЕНБЕРГ, КАЛЛЕН, ПОВАЙЕН қыстақтарын алды.

ОДЕРДЕГІ ФРАНКФУРТТЫҢ солтүстік және оңтүстік-шығыс жағында әскерлеріміз ұрыс сада отырып, ОДЕР өзеніне жетті, сөйтіп ГЕРИЦ қаласы мен темір жол станциясын және 100ден аса басқа елді жерлерді, оның ішінде ЦЕЛЛИН, НАЙМЮЛЬ, АЛЬТ ШАУМБУРГ, ТИРПИЦ, РАЙПИЦ, МАЧДОРФ, РАМПИЦ, ШЕНФЕЛЬД, ГЮНТЕРСБЕРГ, РЕДИТЦ үлкен қыстақтарын алды.

ПОЗНАНЬ қаласында дұшпанның қоршауға алынған гарнизонын жою жөнінде ұрыстар жүргізілді. Шабуыл жасаушы бөлімдеріміз қалада қару-жарақ өндіретін заводты алып, онда 58 зеңбірек, 1250 қол пулеметі мен станокті пулемет, 130 автомат және 1500 винтовка қолға түсірді.

БУДАПЕШТЕ дұшпанның қоршауға алынған гарнизонын жою жөнінде ұрыстар жүргізілді. Бұл ұрыстардың барысында әскерлеріміз 16 кварталды алды.

БУДАПЕШТІҢ оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз шабуыл жасау нәтижесінде, ШЕРЕГЕЛЬШ, ШАРАШД, АБА, ШАРКЕВЕСТУР, СИРАШ-БАЛХАШ үлкен қыстақтарын алды.

Майданның басқа учаскелерінде барлау жүргізілді және бірсыпыра жерде жергілікті маңызы бар ұрыстар болды.

4 февральда немістердің 136 танкі қыратылды, жойылды. Әуе ұрыстарында және зенит зеңбіректерімен дұшпанның 56 самолёті атып түсірілді.

Кенигсберг қаласының солтүстік-батыс жағында әскерлеріміз Зенланд түбегін немістерден тазарту жөнінде ұрыстар жүргізуде болды. Теңіз жағалауындағы тар алаңқа тықсырылған гитлершілер қасарыса қарсылық көрсетті. Совет бөлімдері ұрыспен алаңа баса отырып, күшті бөкінесті бірнеше елді жерлерді алды. Бір учаскеде немістер әлденеше рет қарсы атақа жасап, жаяу әскерлері мен танктердің ірі күштерін ұрысқа шығарды. Артиллерияшыларымыз бен жаяу әскерлеріміз жаудың қарсы атакаларын тойтарып, дұшпанның бір полктей жаяу әскерлерін және немістердің 54 танкін жойды. Бір күнгі ұрыстарда немістерден 30 танк пен өздікпен жүретін зеңбірек, 3 самолёт, 186 дала зеңбірегі, 267 пулемет және 1160 автомашина қолға түсірілді. Немістердің 1600 солдатты мен офицер қолға түсірілді.

Одердегі Франкфурт қаласының солтүстік және оңтүстік-шығыс жағында әскерлеріміз дұшпанның қарсылығын жеңіп, Одер өзеніне жетті. Немістердің көптеген әскер топтары өзенге қарай тықсырылып, жойылды. Немістердің Кюстрин қамалының солтүстік-батыс жағында 3 километр жердегі Альт Шаумбург қыстағы алынды. Екінші бір бөлімдеріміз Кюстриннің оңтүстік жағында 10 километр жердегі өзен жағалауындағы Герлиц қаласын ұрыспен алды. Батыс майданның совет-герман майданына жаңада ғана өкелген немістердің 25-моторландырылған дивизиясы өлтірілгені және қолға түсірілгені бар орасан көп адамнан айырды. Бір ауданда атты әскер бөліміміз бұдан бұрын талқандаған неміс дивизияларының бөлімшелерінен құралған дұшпанның қоршауға алынған әскер тобын жойды. Күн тәулік ішінде әскерлеріміз немістердің 5000нан аса солдатты мен офицерін жойып жіберді. Жаудан көп олжа, оның ішінде 70 зеңбірек, 200 пулемет және соғыс мүлкін қойған 18 ірі склад қолға түсірілді. 1350 неміс қолға түсірілді.

Будапеште қаланың батыс жақ бөлегінде әскерлеріміз дұшпанның қоршауға алынған әскер тобын жою жөнінде ұрыстар жүргізді. Немістердің қолында тұрған қала аудандары біз жерлерге орналасқан және олар қорғау үшін өте қолайлы аудандар. Дұшпан әрбір тас үйді қарсылық жасау торабына айналдырды. Совет артиллерияшылары жауға дәлден оқ атып,

он зеңбірегін қыратып, жаудың бір топ автоматшыларын тозғындатты. Капитан Кайруллиннің жауынгерлері дұшпанды бір үлкен үйден қуып шығарды. Дұшпан бұл үйді тіректі ірі қорғау бекінісіне айналдырған болатын. Бірнеше ондаған неміс тер қырғынға ұшыратылды.

Будапештің оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз дұшпанды шабуыл жасап, күшті бөкінесті шөптерді алды. Гитлершілер жаңадай қалыңа келіруге тырысып, әлденеше рет қарсы атақа шықты, алайда олар кері қушыны тасталды. Артиллерияшыларымыз бен бронь бұзушыларымыз жаудың қарсы атакаларын тойтара отырып, дұшпанның 35 танкі мен 15 бронетранспортерін ертті, қыратты.

Неміс басқыншыларға қарсы ұрыстарда совет жауынгерлері қаһармандық пен батырлықтың үлгісін көрсетуде. Офицер Пшеничниковтың басқаруындағы танкілер бір айқаста немістердің «Пантера» танкі мен 4 бронетранспортерін қыратты. Бронь бұзушы гвардия қатардағы жауынгер Григораш дұшпанның өздігінен жүретін зеңбірегін жойып жіберді. Гвардия сержент Анисимовтың зеңбірек пачеты жаудың атакасын тойтара отырып, немістердің 2 танкін қыратты, сөйтіп өз шебін берік қорғап тұрды. Ұшқыштар лейтенант Долгов пен кіші лейтенант Курундзе өз аэродромына келе жатып, немістердің 6 истребительнің тап беруге кездегі. Лейтенант Долгов жолдағын жемектесуге асырып, неміс истребительне дәлден оқ жаудырды да оны атып түсірді. Бұдан соң лейтенант Долговтың әуе атқышы аға оаржант Мартынов бірнеше оқ бірі жаудың тағы да екі самолётін атып түсірді. Штурмашыларымыз өз аэродромдарына аман-есен қайтып келді.

Шығыс Пруссияда капитан Рихтер қолға түсірілді. Ол былай деді: «Мен унтер-офицерлер дайындайтын мектепте соғыс әдісін, пөнінен сабақ беруші өдім. Жақын арада бұл мектептің оқушыларын түгел майданға жіберіп, мені оның командирі етіп татайындады. Неміс командирі Дайме өзені бойындағы қорғау шебін бұзылмай берік деп есептеп, бұл жерден ұрыстар ете алмаймы деп сендірді. Алайда совет әскерлері бекіністерімізді бұзып өтті. Бұл бәлді барлық жоспарларымызды күйреткен аса зор соққы болды».

БАР

Е

ПРЕСН
жылы Ба
байында
рың оры
колхозы
ның бой
жер жыр
комбайн
кыйналы
Киров а
гуар» кол
істелген
ды.

Бұл ел
ры (дирек
да өздерін
отыр. Осы
ген 32 тра
шықты. Ті
соқа мен

Мастер
бек ұйым
иыстары
о жұмысш
рыс тек к
шартында
ұлын төз

Трактор
жігі бөсе
адам өз ба
қалған. Ма
6—7 сағат
партия ұй
дас осы с
раларын қа

Сөз жоқ,
адамдардың
мысшылар

Өткен жы
шылық жұ
дай ақтап,
міндеттемел
Өткен жы
жас бойы ма
өзім алуым
мырассыз
3260 пөнт
лар Совет
хазының мұн
қолдай оты
рінің жеке м
тапсырды.

Қазір кол
Армияның О
тамаша жей
егіске өзірлік
шегітті. Олар
шылық мам
рын көктемгі
лік соққасы, 3
жарым, жағу
сыя жұмыстын
ты. Ауыл іш
жөндеуде қол
жолдас еңбек

Колхоз през
лығы жөнінде
дас тұқым
не жергілікті
леу жұмыста
пай жұмылдыр
ша, 600 цент

Жамбылдың немересі

1-БЕЛОРУС МАЙДАНЫ, 25 январь.

(Өз тілшімізден, телеграф арқылы алынды). «Қымбатты Жамбыл! Біздің гвардияшы танк бөліміміздің батырларының хұрметті тізімінде бірінші болып Сіздің немереңіз Қабыш Жұмабековтің есімі жазылған»,—дейді гвардияшы танкішілер Қазақстанның халық ақынына оның даңқы асқан батыр немересі туралы жазған хатында.

Қабыш Жұмабеков Ленинград майданында, Украинада жауға қарсы жойқын ұрыс жүргізді. Қазір ол неміс Силезиясы жерінде неміс-фашист басқыншыларды қынадай қырып жүр.

Қабыш Жұмабеков өз экипажының жауынгерлері гвардияшы Клуд және Шкут пен бірге өздерінің қаржысына танк алды. Олар бұл танкпен гитлершілерді жойып жүр.

Неміс-фашист басқыншыларға қарсы күресте қаһармандық және батырлық көрсеткені үшін, қазақ халқының батыр ұлы жауынгерлік екі орденмен наградталды.

Жамбыл ақынның немересі жақындары коммунист партиясының мүшелігіне қабылданды. Партия билетін аларда, Қабыш Жұмабеков толық жеңіске жеткенге дейін жеңісін жауға қарсы ерлікпен күрес жүргізуге серт берді.

(«Красная Звезда» газетінен).

Қазақ жігіті Шәпиевтің ерлігі

Біздің бөлімше шабуылға шығуға әзірленіп жатты. Алдымызда немістердің күшті қорғану бекінісі бар еді. Жаудың бұл қорғану бекінісін бұзып өту жөнінде бөлімшеміз бұйрық алды.

Кешікпей бөлімше шабуылға шықты. Жойқын ұрыс кезінде бөлімше командирі ауыр жараланды. Батыр қазақ жігіті аға сержант Шәпиев Мұхамеджан командирдің жараланып қалғанын көрді де бөлімшені басқару ісін өз міндетіне алды. Ол «Отан үшін» Сталин үшін! алға ұмтылындар, жол дастар!» деп бір топ жауынгерлерді бастап алға ұмтылды. Шәпиев басқарған бөлімшенің жауынгерлері немістердің бекінісінің күл-тақанын шығарып, көптеген немістерлі жер жастантты және бір неше гитлершілерді қолға түсірді. Бұл ұрыста тамаша ерлік көрсеткені үшін Шәпиев үкмет наградасын алды.

Бір күні Шәпиев жауынгерлерімен бірге тағы да ұрысқа шықты. Бұл ұрыста да ол өзінің әскери шеберлігін көрсетті. Қызу ұрыс кезінде оның мылтығының оғы тау сылып қалды. Алайда ол абыржымады. Жараланған мергеннің мылтығын алды да жауға нөсерлесті оқ жаудырды, сөйтіп жаудың бір неше солдатты көр қуштырды. Бұл жолы көрсеткен ерлігі үшін ол екінші рет награда алды.

Шәпиев бұдан басқа да талай ұрыстарда тамаша ерлік көрсетті. Ол жауға қарсы қатты ұрыстарда ерлік көрсеткені үшін Жоғарғы Бас қолбасшы Сталин жолдас-тан екі рет алғыс алды.

Батыр жауынгер Шәпиев большевиктер партиясының қатарына қабылданды.

Шәпиев Мұхамеджан Көкшетау облысындағы Айыртау ауданының жігіті.

Сержант Есләм ГАРИЕВ.

Майдандағы Армия.

Телеграф фабрикасы іске кірісті

Киевте немістер қыратқан республикалық 4-телеграф фабрикасы іске кірісті. Әріп теретін, үлгі құятын, телеграф сөзін басатын және басқа цехтар жұмыс істеуде.

(ТАСС)

Мектептерде оқу-тәрбие ісі мейлінше жақсартылсын

Одақтық Халық Комиссарлары Советі 1944 жылғы 21 жолыда «Мектептерде оқу сапасын жақсартудың шаралары туралы» қаулы қабылдаған болатын. Бұл қаулыда оқушыларға оқу жөнінде қойылатын талапты арттыру және мектептерде оқу-тәрбие жұмысының сапасын негізінен жақсарту жөнінде мектептер мен оқу орындарының алдына күрделі міндеттер қойылды.

Үкмет қаулысы бойынша быылғы жылы 4, 7-класстарды өткірген оқушылардан емтихан алу және 10-клас оқушыларының толық білім алуын сынайтын емтихан алу ісі жүргізіледі. Оқушылардың толық білім алуын сынайтын емтихан оқушылардың өткен жылы алған білімін ғана емес, сондай-ақ орта мектептің барлық курсы көлемінде білім алуын сынайтын емтихан жүргізуді көздейді. Программаларда талап етілген пәндерді оқушылар жете білуге тиіс. Олар программаларда көрсетілген ақпараттарды ғана меңгеріп қоймай, алған білімін тәжірибе жүзінде қолдану үшін жаттығуға тиіс.

Халық ағарту орындары, мектеп басшылары мен мұғалімдер осындай маңызды қарарды алысқанға, оқу жылының алғашқы күнінен бастап, бұл қарарды тығызлық түрде жүзеге асыруға тиіс еді. Ең алдымен мектепте тәртіп пен ережені нығайтып, оқытушының жұмысына бақылауды күшейту, педагогика еңбегінің тандаулы шеберлерінің тәжірибесін кеңінен қолданып, мұны барлық мектептерге жаю керек еді. Алайда, осы уақытқа дейін облыстың бірсыпыра мектептерінде тиісті тәртіп орнатылмай келеді.

Көптеген мектеп директорлары мен оқу бөлімдерінің меңгерушілері мұғалімдердің сабағында оқта-текте ғана болады, оларға тиісті көмек көрсетпейді. Мектептерде мұғалімдер кеңесінің мәжілістеріне әзірлік ісін мардымсыз жүргізеді. Сондықтан да бұл мәжілістер жоғары дәрежеде өтпейді. Аудандық, қалалық және облыстық оқу бөлімдерінің нұсқаушылары мектептерде сирек болады, ал мұғалімдердің сабағында олар тіпті бұдан да сирек болады.

Облыстық оқу бөлімі мен Полудень, Приешім аудандық оқу бөлімдерінің басшылары орта мектептерде жаңа тарих (екінші бөлімі) бойынша оқу құралдарының жоқ екендігін тіпті білмеген. Бұл таң қаларлық іс. Ленин аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі Явлевский орта мектебінде физика жөнінде аспаптарының жоқ екендігін өлі күнге дейін білмеген. Булаев орта мектебінде 9-класстың оқуды үлгере алмайтын оқушылары 10-класқа көшірілген. Петропавл қаласында алғашқы жарты жылдық тарихшылар, географияшылар секциялары жұмыс істемеді, басқа секциялар да жұмысты нашар істеді. Ленин, Совет және Конюхов аудандарында мұғалімдердің оқу жөніндегі әдіс топтары жұмысты тіпті нашар істеді.

Бірсыпыра аудандарда мектептердің оқу-жазу құралдары талан-таражға салынған, Преснов аудандық тұтынушылар қоғамы мектептерге бірталай сия заттарын, қарындаштар мен оқу құралдарын кем берген. Петропавл аудандық тұтынушылар қоғамы 50 дәптер мен 105 қалам ұшты өз қажетіне жұмсаған. Басқа аудандарда да жағдай осындай. Мектеп мүлкін талан-таражға салған адамдар жазалаусыз қалып отыр. Аудандық партия комитеттері де, аудандық совет аткомдары да бұл жөнінде ештеңе істемеді, ал аудандық оқу бөлімі мектеп мүлкін талан-таражға ұшыратушыларды бүркемелеп отыр.

Мектептер мен мұғалімдердің жұмысына тиісті бақылау жасалмағандығы оқушылардың оқыту және тәрбиелеу ісіне көп әсер

әтіп отыр. Облыстың бірсыпыра мектептерінде сабаққа нашар әзірленетін, немесе тіпті әзірленбейтін оқытушыларды кездестіруге болады. Мұндай оқытушылардың берген сабағы мағынасыз, сапасыз өтеді. Былайша айтқанда, оқушылардың қымбат уақыты ая кетеді. Жайын—туяғы бар хайуан, ал ұрыс князі Игорь Гитлер сыяқты басқыншы адам болған деп дәлелдейтін оқытушылар бізде жоқ емес. Бұл оқытушылардың өз мамандығына селсоқ қарайтындығын ыс паттайды.

Оқылған сабақты пысықтау ісі осы күнге дейін облыс мектептерінің бәрінде бірдей ұйымдастырылмаған. Мұғалімдер коллективтері оқушылардың сауаттылығын арттыру және «тәртіп ережесін» олардың мүлтіксіз орындауы үшін шын мәнінде жұмыс жүргізсе алмай отыр.

Мұғалімдердің январь айында өткізілген мәслихаттарында, орта мектептердің директорлары мен 8-10-клас оқытушыларының, аудандық оқу бөлімдері меңгерушілерінің облыстық мәслихатында мектептердің, мұғалімдер мен оқу бөлімдерінің бірінші жарты жылдықта істеген жұмыстары қатты сынға алынып, екінші жарты жылдықта алға қойылған міндеттер талқыланды. Мұғалімдер мектеп басшыларына, оқу бөлімдеріне мектеп жұмысымен тығыздықты шұғылданды, оларға нақтылы көмек көрсету, жұмыста бақылау жасау ісін жақсартып, мұғалімдердің мамандығын арттыруына көмектесу жөнінде орынды талап қойып отыр.

ҚК(б)П Орталық Комитетінің X пленумы мен ҚК(б)П обкомінің пленумы партия, комсомол, совет ұйымдарының алдына—оқушы балалар арасында оқу-тәрбие ісінің жоғары сапада жүргізілуін қамтамасыз ету сыяқты айыпды міндет қойды. Сонымен, халық ағарту орындарының қызметкерлері не зор жауапкершілік жүктеліп отыр. Бұл міндетті іс жүзінде орындау үшін балалардың ата-аналары комитеттерінің жұмысын жақсартып, олардың жыйылысын уақытылы өткізу, мұғалімдер секцияларының, оқу әдісі жөніндегі үйірмелердің жұмысын тиісті дәрежеге өрістетуге қажет. Аудандық, қалалық және облыстық оқу бөлімдерінің нұсқаушылары мектептерде жиі-жиі болып, жұмыстағы кемшіліктер мен қателіктерді іс үстінде жоюға, сөйтіп мектептер мен мұғалімдерге әсерлі көмек көрсетуге тиіс.

Мұғалімдердің бағалы жұмыс әдісін жиі нақтап, көпшілік іліміне айналдыру жөнінде облыстық әдіс кабинетінің жұмысын күшейту қажет. Мұғалімдердің шеберлігін арттыруына, программаларда, оқу жоспарында қойылған талаптардың орындауын қамтамасыз ету керек.

Мұғалімдер коллективінде оқу әдісі тәртібін өрістетіп, мектепте оқу-тәрбие ісінің шын мәнінде ұйымдастырылуы болып саналатын оқу бөлімдері меңгерушілерінің жұмысын қалпына келтіру қажет. Мектеп жұмысына күнбе-күн бақылау жасау керек. Сөйтіп мұғалімдердің жұмысындағы жетістіктерді де, кемшіліктерді де айғылып отыру жөн.

Партия, комсомол, совет ұйымдарының, халық ағарту орындарының міндеті—мектептердің барлық жұмысын балаларды оқыту және тәрбиелеу жұмысын неғұрлым жақсарту ісіне әйкес жүргізу болып саналады.

П. ПРИСИЧ,

ҚК(б)П облыстық комитеті мектеп бөлімінің меңгерушісі.

Батыс Еуропадағы соғыс қыймылдары

ЛОНДОН, 4 февраль. (ТАСС). Одақтас тарап Орта теңіз соғыс майданындағы әскерлері штабының хабарында былай делінген: Италияда 5-және 8-армиялардың ұтас кесінде әуе райының қолайсыз болуына қарамастан, күзет әскерлері қыймыл жасады.

ЛОНДОН, 5 февраль. (ТАСС). Одақтас тарап Еуропадағы әскерлерінің жоғарғы командованиесі штабының хабарында былай делінген: Мюнхеннің солтүстік-шығыс жағында одақтастар әскерлері 300 ярд алға басып, Рурбергке жетті. Одақтастардың жау әскерлері Урфштаузе өзенінің оңтүстік жақ жағалауына қарай 3500 ярд алға басты. Одақтастар әскерлері дүшпанды Эйфрур, Вользефен және Морсбах қалаларынан түріп шығарды. Мюнхеннің оңтүстік-шығыс жағында Голлерата манында жау мылтықтар мен пулеметтерден оқ жаудырып, одақтастар әскерлерінің алға басыуына кедергі жасады.

Сей—Виттің солтүстік-шығыс жағында 11 миль жердегі Рот жаудан тазартылды.

Рейн маңындағы Хагенау ауданында, Обергофенде ұрыстар болып жатыр.

Кольмар секторында кескілескен ұрыстардан кейін Вольфганген дүшпандық тазартылды. Кольмардың оңтүстік және батыс жағында Оберморшвейр және басқа үш пункт азат етілді. Мұның оңтүстік жағында Серне толық тазартылды. Осы аудандағы Штейнбах пен Уфхольц алынды.

5 февральға қараған түнде ауыр бомбашылардың ірі құраматтары Германияға шабуыл жасады. Бұл шабуыл негізінен Боннға жасалды. Жеңіл бомбашылар Батыс Германиядағы транспорт орындарына қарсы қыймыл жасады.

ЛОНДОН, 5 февраль. (ТАСС). Одақтастардың Орта теңіз соғыс майданындағы әскерлері штабының хабарында былай делінген: Италияда, 5 армияның майданында, Серкио өзені алқабында одақтастар әскерлері дүшпандың әлсіз қарсылығын жеңіп отырып, Галликаноны алды. Майданның басқа учаскелерінде барлау жүргізілді.

Тынық мұхиттағы соғыс

Америка әскерлері Манилуға жетті

ЛОНДОН, 5 февраль (ТАСС). Рейтер агенттігінің хабары бойынша, одақтастардың Тынық мұхиттың оңтүстік-батыс бөлігіндегі қарулы күштерінің бірлескен командованиесінің штабы америка әскерлерінің Филиппиннің астанасы—Манилуға жеңкендігін хабар етті. Америка әскерлерінің Лусон аралына келіп түскеніне 26 күн өткеннен кейін, Манилу тізе бүкті.

Грециядағы жағдай

ЛОНДОН, 3 февраль. (ТАСС). Рейтер агенттігінің Афиныдан берген хабары бойынша, кеше Афиныдан 20 миль жердегі Вильде ЭАМ мен Греция үкметі өкілдерінің конференциясы ашылды.

Американың 1000 бомбашысы Берлинге шабуыл жасады

ЛОНДОН, 3 февраль. (ТАСС). Американың 1000нан аса ауыр бомбашысының 3 февральда Берлиннің орталығындағы соғыс орындарына шабуыл жасағандығын Американың Еуропа соғыс майданындағы әуе-соғыс күшінің штабы хабар етті.

400ден аса ауыр бомбашылар Магдебург төңірегіндегі жасанды жанармай заводтарына және Магдебургтегі сұрыптау станцияларына шабуыл жасаған. Берлинге шабуыл жасаған бомбашылар 900ден аса истребительдерді ертіп шықты.

ЛОНДОН, 3 февраль. (ТАСС). Америка бомбашыларының 3 февральда Берлиннің орталығына 2500 тонна бомба тастағандығы Лондонда ресми түрде жарияланған.

ШЕТЕЛ ХАБАРЛАРЫ

Словения халқы Югославия Халық-Азаттық Армиясына зор көмек көрсетуде. Словения Халық-Азаттық Армиясы.

ғарылды. Бір ғана Қарағанды облысында 638 әйел тракторшы, 100 әйел комбайншы, 365 әйел комбайншының жәрдемшісі, 28 әйел трактор бригадасының бригадирі болып істейді.

Республика бойынша 250ден аса әйел, оның ішінде 150 қазақ әйелі колхоз председателдігіне сайланды. Қызылорда облысының Жаңа-Қорған ауданындағы Алиярхан жолдас председателі болып істейтін

мен қыстақтарына баратын болашақтағы мәдениет армиясы болып табылады.

Қазақстан әйелдері Отанымыздың соғыс күштерін нығайту ісіне үздіксіз ат салысуда. Павлодар облысының Баянауыл ауданындағы «Теңіз» ауыл шаруашылық артелинің колхозшы әйелдері тамаша бастама жасады. Олар СССР Жоғарғы Советі Президиумының Мәңгілік Маметоваға Советтер Сдағының Батыры атағын беру туралы ұсыныс жасады.

балалар бақшалары, яслилері және басқаларды көбейту жөнінде күрделі жұмыстар жүргізуде. Ондаған аналар партия мен үкметтің жоғарғы наградтарын—«Ардақты ана» орденін алып отыр. Бұлардың арасында 2 жауынгердің анасы, он бала өсірген Халида Бейсалиева, 11 бала өсіріп, оның тоғызын Отан соғысының майдандарында жаумен шайқасып жүрген жауынгерлердің анасы Фюна Михайлова Ситникова жолдастары бар.